Республика Казахстан,
Актюбинская область,
г.Актобе, пр. Санкибай батыр 167А

БИН:101240008283
ИИК KZ54601A121002468391
БИК: HSBKKZKX
Кбе 18

Шығыс №22
25.02.2025 ж.

«Темір аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
Конкурстық комиссия мүшелеріне
030700, Ақтөбе облысы, Темір ауданы,
Шұбарқұдук, Асау- Барак, 7 үй
Шағым беруші:
«PROF CONTACT» ҚБ
Ақтөбе қаласы
Санкібай батыра, 167А
БСН 101240008283
Электрондық пошта:
oo.profcontact@gmail.com
Тел.: 8 705 383 02 17

ШАҒЫМ

16257875-1 «Темір ауданы Шұбарқұдық кентіндегі мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған "Инватакси" қызметтері» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша сатып алуда 2026 жылғы 20 ақпандағы қорытындылар хаттамасында «PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігі жеңімпаз деп танылды.

Алайда, конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігі келіспей, шағымданды.

1. Көлік құралдары бойынша қажетті құжаттар ұсынылмағандығы туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының» (бұдан әрі-Қағида) 452 тармағында «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы айтылған.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген норма **бір қаржы жылынан асатын мерзімге** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік

сатып алуды өткізу жөніндегі конкурстарға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

Осы сатып алу бір жыл мерзімге жарияланғандықтан, сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілерден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуын талап етуге құқылы емес.

2. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін берілетін шартты жеңілдік бойынша

Конкурстық комиссия тарапынан «PROF CONTACT» ҚБ конкурстық өтінімінде қоса берілген еңбек ресурстары бойынша 4 балл шартты жеңілдік дұрыс қолданылған.

Себебі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттарында - Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың өтілі мен біліктілігі тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) Бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес жеткілікті өтілі мен біліктілігі болса - 4 балл есептелуіі тиіс. «PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігі мамандардың өтілі мен біліктілігін растайтын құжаттарын қоса берді.

3. «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігі бойынша баллдары дұрыс есептелмегендігі туралы

Конкурстық комиссия тарапынан «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің шартты жеңілдік беретін баллдары дұрыс есептелген. Себебі, «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтінім құрамында еңбек ресурстары қоса берілмеген.

5. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін қажет талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер.

№	Мамандық (біліктілік) атауы	Қызметкерлердің Т.А.Ә. (ол бар болса), ЖСН	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы растау күні

6. Растау құжаттарының (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

Соған сәйкес «Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі» бөлігіне «Қайсар тұлға» мүгедектер қоғамдық бірлестігіне 0 балл қойылуы заңды.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, «PROF CONTACT» қоғамдық бірестігінің конкурстық өтінімін талап сай деп, жеңімпаз деп таныған конкурстық комиссия мүшелерінің хаттамалық шешімін өзгеріссіз қалдыруыңызды сұраймын.

Құрметпен,
«PROF CONTACT» ҚБ төрағасы **Мурзагереева Г.С.**

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, «PROF CONTACT» қоғамдық бірестігінің конкурстық өтінімін талап сай деп, жеңімпаз деп таныған конкурстық комиссия мүшелерінің хаттамалық шешімін өзгеріссіз қалдыруыңызды сұраймын.

Құрметпен,
«PROF CONTACT» ҚБ төрағасы Мурзагереева Г.С.